



БҰЙРЫҚ

2022 те. 04 мамыр

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 1-03121

город Павлодар

«Павлодар қаласының № 23 сәбилер бақшасы» КМҚК-нда өзін-өзі бағалауды өткізу туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5-бабының 9) тармақшасына, 59-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 02 ақпандағы № 124 бұйрығына, Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 іәдістемелік ұсынымдарға сәйкес, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ 2021 жылғы 23 қарашадағы № 1-03/218 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы 04 мамырда «Павлодар қаласының № 23 сәбилер бақшасы» КМҚК «Өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы» тақырыбы бойынша жоспардан тыс Педагогикалық кеңес өткізілсін.

2. 2022 жылғы 04 мамырдан 2022 жылғы 15 маусымға дейін мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауы өткізілсін.

3. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамы бекітілсін:

Комиссия төрайымы: Ә. С. Нұрпейісова – сәбилер бақшасының басшысы;

Комиссия мүшелері:

- А. Т. Кадырова – әдіскер;
- К. Ш. Ордабаева – тәрбиеші;
- Т. Г. Кивелева – медбике;
- Г. К. Жунусова – бухгалтер.

4. Комиссия хатшысы болып А. М. Балтабай тағайындалсын.

5. Комиссия Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына және білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізсін.

6. Комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есептерді дайындасын:

А. Т. Кадырова оқыту, МЖМБС орындау, тәрбиеленушілердің жетістіктерінің мониторингі, пәндік-кеңестіктік дамытушы ортаны құру, тәрбиеленушілер мен педагог кадрлардың жетістіктерінің сапалы құрамы мен мониторингі, мектепке

дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және ЕББҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, ата-аналардың сауалнамасын талдау;

Т. Г. Кивелева мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, қатысу мен сырқаттанушылықты талдау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Г. К. Жунусова материалдық-техникалық база, негізгі құралдарды сатып алу.

7. Комиссия білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын 2022 жылғы 15 маусымда қорытындыласын.

8. 2022 жылғы 15 маусымда білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша Педагогикалық кеңес өткізілсін.

9. Ұйымының сайтына қызмет көрсету жұмысына жауапты А. К. Есмагамбетова мектепке дейінгі ұйымның интернет-ресурсында білім берудің өзін-өзі бағалау материалдарын бармай профилактикалық бақылау жүргізудің жоспарланған мерзіміне дейін бір айдан кешіктірмей орналастырсын.

10. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындысына құжаттарды дайындау үшін жауапкершілік әдіскер А. Т. Кадырова және хатшы А. М. Балтабайға жүктелсін.

11. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауын өзіме қалдырамын.

Сәбилер бақшасының басшысы



Ә. Нұрпейісова

Таныстырылды:

Балтабай А. М.

Кадырова А. Т.

Кивелева Т. Г.

Жунусова Г. К.

Ордабаева К. Ш.

Есмагамбетова А. К.